



Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін
мектебі аға тәлімгердің 2024-2025 оқу
жылындағы жылдық есебі

«Қ.Тыныбеков атындағы» жалпы білім беретін мектебі» КММ

Аға тәлімгердің 2024-2025 оқу жылының жылдық атқарған есебі

Тамыз айында 2024-2025 оқу жылына аға тәлімгердің жылдық жұмыс жоспары жасалып бекітілді. 01.09.2024 жылы мектебімізде Білім күніне орай «Мектебім- мейірім мекені» атты тақырыпта салтанатты жиын өткізілді. Мектеп табалдырығын алғаш аттап тұрған 1-сынып оқушылары мен 11-сынып оқушылары салтанатты жиынға шақырылды. **Мақсаты:** Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізу, сезіндіру, білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын ұлтжандылыққа тәрбиелеу



05-10.09.2024 жыл аралығында «Кітапты күтіп ұста» ақпараттық бұрыш жасалды.



Мектебіміздің дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері және тәрбие саласының мамандары бірлесіп «Денсаулық фестивалі- 2024» тақырыбында мектепшілік түрлі спорттық ойындар ұйымдастырды



Мектебімізде «Зерде» бағытының жоспарына орай 5 қыркүйек - ҚР халықтарының тілдері күніне қазақ тілі мен орыс тілі және шет тілі пәнінің бірлестігі және тәрбие саласының мамандары «Тілім менің ғасырларға аманат» тақырыбында апталық өткізілді. Ашылу салтанатында оқушыларды көтеріңкі көңіл-күймен, қызықты тапсырмалар мен ойындар беріліп, жауап берген оқушылар кішігірім сыйлықтар алып қуанды.



«Үшқыр ой жобасы» бойынша тілдер мерекесіне орай «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты оқушылар арасында пікірталас өткізілді.



«Экология және еңбек» фракциясының жоспарына орай «Үй жағдайындағы гүл күтімі» тақырыбында мектебіміздің тәлімгері А.Артикбаеваның ұйымдастыруымен 5-8 сынып қыздары арасында челлендж өткізілді. Мақсаты: қыз балдарды гүл күтіміне, тазалыққа, үй шаруасында аналарға көмек көрсетуге баулу.



Қ.Тыныбеков жалпы білім беретін мектебімізде әр айдың белгілі күнінде тәлімгер А.Артикбаеваның ұйымдастыруымен «Өзін-өзі басқару» ұйымы және «Жас Ұлан» ұйымы 1-11 сынып оқушыларының кітап, күнделік, дәптерлеріне рейд жұмыстарын жүргізді. **Мақсаты:** мектеп оқушыларының күнделік кітап дәптерлерінің тазалығы мен дұрыс пайдаланылуын тексеру. Нәтижесі апталық қорытындыда айтылып, ескеріледі.



1-қазан «Қарттар күні» мерекесіне, 5-қазан «Ұстаздар күні» мерекесіне орай мектебімізде «Жас Ұлан» ұйымы «Еңбек» бағытының жоспарына орай тәлімгер С.Калдарбекованың ұйымдастыруымен 5-10 сынып оқушылары арасында қабырға газеттері шығарылды. **Мақсаты:** өскелең ұрпақ бойында еліне, жеріне деген патриоттық сезімін, шығармашылық қабілеттерін дамыту



Салауатты өмір салтын насихаттау, тазалықты сақтау, жеке бас гигиенасын дұрыс ұстану жайлы және «Жас жеткіншектер арасында ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында туралы ақпараттарды жеткізу жұмыстары мектеп медбикесі Н.Айдарова және Ленгер каласының медбикелері оқушылармен түсіндірме жұмысын жүргізді.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» Бердібек Сокпақбаевтың туылғанына 100 жыл толуына орай «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» сайысты мектеп кітапханашысы Г.Сарбасова және тәлімгер С.Калдарбекова 8-10 сынып оқушылары арасында өткізді.



«Еріктілер жобасы» өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары үйде оқытылатын оқушы С.Балтабаймен кездесу өткізді

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Қазақстанның жастары қаншалықты патриот» атты дебат козғалысымен 8-9 сынып оқушылары арасында қосымша білім беру педагогы Г.Бердалиева, сынып жетекшілер тәлімгердің ұйымдастыруымен фракция мүшелерімен дебат өткізілді.



Жоспарға орай мектеп президенті мен ұланбасшыны сайлауға дайындық жұмыстары жүргізілді. Үміткерлер сайлау алды үгіт-насихат жұмыстарын жасады. Үміткерлер «Егер мен президент болсам....» деген тақырыпта сайлау алды жұмыстар жүргізді. Сайлау бюллетендері таратылып, комиссия құрамы тағайындалды. Дауыс беруге 5-11 сынып оқушылары қатысты. Сайлаудың нәтижесінде мектеп Президенті 9-сынып оқушысы Ерсайын Жібек, Ұланбасшы 9-сынып оқушысы Рүстем Анель атанды.



Мектебімізде күз мерекесіне орай тәрбие саласының мамандары мен сынып жетекшілер және «Жас Ұлан» ұйымы бірлесе отырып 5-6-7 сынып оқушыларының арасында «Күз жәрмеңкесі» тақырыбында акция өткізілді. Мақсаты: балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін молайту, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін байқату, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны, әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.

Қазан айының жоспарына орай тәрбие саласының мамандары мен тәлімгер С.Калдарбекова 8-10 сынып оқушыларының қатысуымен «Күзгі балл – 2024» сайысын ұйымдастырды. Сайыс 5 кезеңнен құралды, сайысқа 5 жұп қатысты. Қатысушыларға әділ

бағасын беруге әділқазы алқалары құрылды. Тартысты өткен сайыстың нәтижесінде – «Күз Аруы -2024» номинациясын 10«Ә» сынып оқушысы иеленді. Басқа да қатысушылар жүлделі орындармен марапатталды.




Мектебімізде 25 қазан – Республика күніне орай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына 2 және 5 сынып оқушылары салтанатты түрде Ант беріп қабылданды. Тәлімгер С.Калдарбекованың ұйымдастыруымен «Ұланымыз ұлы елдің» атты тақырыпта сценарий жасалып, бекітілді. Мақсаты: оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да, азат ұрпақтары екендігін ұғындыру. Патриоттық, Отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының қатарына мектеп оқушыларын қабылдау. Оқушыларымызға төсбелгі және галстук тағылды.



Қараша айының басында комитет құрамы мен фракция мүшелері 8-10 сынып оқушылары арасында айына бір рет, кейде жоспардан тыс ұйым мүшелерімен тәлімгер және тәрбие саласының мамандары отырыс өткізді. Жылдық жұмыс жоспар, міндеттері және ережелермен таныстырылды, бағыт-бағдар беру жұмыстары жүргізілді. Жоспар бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды.




15.11.2024 жылы дене шынықтыру пән мұғалімдері мен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушылары арасында “Ұлттық мектеп дигасы-2024” атты ұлдар арасында футболдан жарыс өткізілді.




Б.Майлиннің туылғанына “Ұлт мақтанышы - Бейімбет Майлин” атты 8-9 сыныптар аралығында танымдық сағаты өткізілді



“Үшқыр ой алаңы” жобасы аясында 8-11 сынып оқушыларымен “Жасанды интелект және ол адам баласына зияны қандай?” атты дебат ұйымдастырылды.



“ЭКО START” жобасы аясында 6-7 сынып оқушылары арасында “Табиғатты қорғауға тәрбиелеу” атты сынып жетекшілермен баяндама жүргізілді.



“Онерлі өрен” жобасы аясында мектебіміздің жас таланттарын анықтап “Өн шуақ” байқауын 5-10 сыныптар аралығында өткізілді



Ұшқыр ой алаңы жобасы аясында “Тәуелсіздік биік болсын тұғырың” тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында дебат өткізілді.




Тәуелсіздік күніне орай мектебізде Эко старт жобасымен Қолөнер бұйымдарын жасап, көрме ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылар мектеп әкімшілігі және бейнелеу пәнінің мұғалімі С.Нурсайтова.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізілді

«Қош келдің, Жаңа жыл» атты іс - шарының



Ұшқыр ой алаңы жобасы бойынша 9-11 сынып оқшылары арасында дебат өткізілді.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында

«Жігіт сұлтаны-2025» атты байқауының іс-

шарасының өткізілді



“Құқықтық мәдениет жобасы” аясында мектебімізде 5-11 сынып оқушылары арасында “Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы” тақырыбында сынып жетекшілер оқушыларға түсіндірме жұмысын жүргізді.



Мектебімізде кітапханашы Г.Сарбасова және тәлімгер С.Калдарбекова “Кітап сенің жан досың” тақырыбында оқушылармен оқыған кітаптарды талқылады.




«Біртұтас тәрбие»бағдарламасы аясында Зорлық-зомбылыққа қарсы және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектебімізде 5-11 сынып оқушылармен сауалнама өткізілі



Мектебімізде “Үшқыр ой алаңы жобасы” аясында 8-11 сынып оқушылары арасында “Компьютерлікойындар тұлғаны дамытады” тақырыбында дебат өткізілді



«Біртұтас тәрбие»бағдарламасы аясында «8-Наурыз Халықаралық әйелдер күні» мерекесінеорай ұйымдастырылған «Аналар асыл жандар» атты мерекелік іс-шарасы өткізілді



«Еріктілер жобасы» «Аялы алақан» жобасы аясында мектебімізде 5-11 сынып оқушыларымен ағаштар отырғызылды




«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған «Қош келдің, аз Наурыз!» атты мерекелік іс-шарасының өткізілді.



«Өнерлі өрен» жобасы және мектебіміздің кітапханашысы Г.Сарбасованың ұйымдастыруымен «Үздік оқырман -2025» кітап оқу байқауы өткізілді



Еріктілер жобасы «Қайырымдылық күні» ардагер ұстаздың үйіне 9-10 сынып оқушыларым мен қоғамдық ұйымдастырылып өткізілді



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Мектебім саған мың алғыс!» атты мерекелік іс-шарасы



Тәлімгер: *С.Калдарбекова*